

ПСИХОПАТИЯ

Психопатиялар – интеллект өзгерісінсіз, тұлғааралық қатынас және қоршаған ортаға адаптациялану бұзылыстырына алып келетін туа және жүре пайда болған мінез - құлықтың тұрақты бұзылыстарының тобы.

ПСИХОПАТИЯ

- ◎ Психопатия- аурудан тыс,бірақ “патологиялық мінез”.
- ◎ Психопатия кезінде сақталады:
- ◎ Интеллект
- ◎ Ақыл-ой
- ◎ Бірақ :эмоциональді-жігерлік кемеліне келмеуі байқалады.

Психопатия

- ◎ Патологиялық мінездің қалыптасуына 2 себеп бар:
- ◎ 1. Биологиялық (тұқым қуалау, пре-, постнатальді зақымдану, құрсақта даму кезінде ана сының ауруы)
- ◎ 2. Әлеуметтік (отбасындағы себептер, теріс тәрбие, ортадағы ұнамсыз жағдайлар т.б)

Психопатияны зерттеу соттық психиатрия дамуына байланысты. Психопатияны басқа психикалық бұзылыстардан бөліп қарау И.М.Балинский және О.М.

Чечоттан басталды. Жан бұзылыстарының белгілері жоқ, бірақ дені сау деп те санауға келмейтін, тұлғаның жалпы психикалық толымсыздығының көрсеткіші ретінде «психопатия» және «психопатиялық жағдай» терминдерін қолданды.

- ◎ **Мінездің аномальді белгілерінің айқындылығы әр түрлі болады: тұлғааралық қарым-қатынастардың бұзылуы, кейде әлсіз белгілерімен сипатталып тұлға дезадаптациясына әкелмейді, психотравма шешілген жағдайда компенсация байқалады, ал жаңа психотравмалық ситуацияларда патологиялық мінез қайта көрініс беруі мүмкін.**

- ◎ Психопатия шекаралық психикалық бұзылыстарға жатады, себебі жеңіл (невротикалық деңгей) симптоматикалық белгілер байқалады.

Психопатияға тән емес:

- галлюцинация
- жүйелік сандырақ синдромы
- Кемақылдылық
- Тұлғалық дефект .

Бірақ кейбір кезде:

- аффективті қысым түсу кезінде жеке иллюзорлы бұзылыстар ;
- соматикалық ауруларда байқалатын сенестопатия белгілері болуы мүмкін.

- ◎ Психопатиялық тұлғаларда айқын бұзылыстар эмоциональді-ерікті жүйесінде байқалады.
- ◎ К.Шнайдер мынандай анықтама берді:
- ◎ « Психопаттардан маңайындағы адамдар зардап шегеді және олар өз мінездерінен өздері зардап шегеді ».Бұл анықтама басқа мамандардың көзқарасын өзгертті,яғни психопатияның басты белгісі жоғары эмоцияның дамымай қалуы және
- ◎ « олиготимии» деп атаған дұрыс болады.

Психопатияның негізгі диагностикалық критеріі:

1. Салыстырмалы тұрақтылық, мінезі прогрессивті емес және патологиялық мінездің аз қайтымдылығы;
2. Психопатиялық мінез құлықтың тотальділігі (біртұтастығы)
3. Патологиялық мінез жанұялық, әлеуметтік, кәсіптік дезадаптацияға әкеледі.

◎ П.Б.Ганнушкин бойынша психопатияның жіктелуі

- Паранойяльді психопатия
- Шизоидты психопатия
- Тұрақсыз психопатия
- Қозғыш психопатия
- Истериялық психопатия
- Психастеникалық психопатия
- Астениялық психопатия
- Аффективті психопатия
- Эмоциональді топас тұлғалар
- Әуестік бұзылыстары

Паранойяльді психопатия

- Мұндай тұлғалар ригидті, психикалық үрдістері инертті, жағымсыз эмоциональді жағдайларды ұзақ ұмытпайды, кекшіл, тік мінезді, қырсық адамдар.
- Олар өздерінің қабілеті мен мүмкіндіктерін асыра бағалайды, өзін жоғары ұстайды, жоғары стеникалық қасиеті коллективте сиыспаушылыққа, жиі конфликтілік жағдайға әкеледі.
- Психопатияның бұл түрімен науқастар аса бағалы және паранойяльды идеялар түзілуіне бейім келеді. Олар ешкімгесенбейді, күмәнданғыш, әдепсіз, эгоцентрлі, кез келген адам бойынан жамандық көріп тұрады. “Кверулянттыққа бейім” шындық үшін күресетін” адамдар (хат, шағым жазады).
- Аса бағалы ойлары: қызғану, қарым-қатынас, ипохондриялық сипатта болады.

Шизоидты психопатия (шизоидное расстройство личности).

Шизоидты психопатия –тұйық, интровертті айналадағылармен қарым-қатынас жасауға ықылас мен қабілеті жоқ.Айналадағы әлемнен бөлектенеді,ішкі жан дүниесі бай болғанымен сыртқы көрінісі кедей, фантазияға бейім.

Балалық шақта олар жалғыз тыныш ойындарды ойнауды ұнатады,көп жағдайда жалғыз ойнайды.,ішкі сырын ешкіммен бөліспейді.,достары жоқ, контактге формальді түрде түседі.

Көп жағдайда ұлдарда кездеседі. Ата-анасы айтуынша: “мінезі тыныш, басқалардай емес, еркелетуді ұнатпайды, бір ойыншығымен ойнай береді” -дейді. Олар оқуды тез үйреніп алады, бірақ бәтеңкесінің бауын байлай алмайды. Сөйлескен кезде жасына сай емес білімнің бар екенін ересектерді таңқалдырған сұрақтар қояды. Сабақты жақсы оқиды, бірақ қозғалысы икемсіз, ұқыпсыз, өзін күте алмайды. Астрономия, философия, математикамен әуестенеді.

Шизоидтар – өте сезімтал адамдар : қатты таңқалуы немесе жек көруі болады. Психолог пен психиатрлар мынандай варианттарды бөледі:

1.Сенситивті шизоидтар-сезімтал,көңілі бос,кез келген психотравмалық жағдайдан қашып кетеді,іштей қайғырып жүреді ,ұялшақ, тұйық, жалғыздықты ұнататын,өзімен өзі фантазияға беріліп жүретін адамдар.

2.Экспансивті шизоидтар- табандылық, өшпенділік, қорықпайтын,батыл,басқа адамдардармен келіспейтін,эмоциональді суық,жанашырлық білдіртпейтін адамдар.(симптом стекла и дерева)

Тұрақсыз психопатия (диссоциальді тұлғалық бұзылыстар)

СИПАТТАЛАДЫ:

- 10-12 жаста біліне бастайды.Ерік жігердің жетіспеуі,өте сенгіш,өмірлік ұстанымдары жоқ,тек ләззат алғысы келеді. Бастаған жұмысын аяқтамайды,,істері жеміссіз,интелектісі жақсы,білімдері үстірт.
- Таяз,эмоциясы тұрақсыз болғандықтан тез достасып тез ажырасады.,келешегін оиламайды,қамқорсыз,бейқам , қарыз бен жауаптылық сезімі жетілмеген.,мақтаншақтыққа, асыра сөйлеуге бейім.
- Жасөспірім кезінде мінезі айқындала түседі: жеңілтек,көп қимылды,әдепсіз,мылжың,мақтаншақ,
- қиял мен ойлап шығаруға бейім(өзі туралы өтірік , қызықты әңгіме айтады)Мектепті жиі босатады, қаңғыбастыққа бейім(жаңа әсер алу үшін),өзінің пікірі жоқ, қарапайым,оңай сенгіш,тез еліктегіш,алкаголь,темекі,улы, есірткі заттарды,жаман сөздерді қолданып,жыныстық қатынасқа ерте түседі.

Қозғыш психопатия (эксплозивті психопатия, эмоциональді-тұрақсыз тұлғалық бұзылыстар)

СИПАТТАЛАДЫ:

- ◎ Қозу 2-4 жаста , ұлдарда білінеді.Балалар-өте қозғыш, қозғалғыш,тез ызылынғыш,айналадағылардың барлығын ұрады,тырнайды,тістелейді.Олар қатты қиқарланып, айтқанын істемесе еденге жатып наразылық білдіреді,жер тепкілеп жылайды,балалармен сиыспайды,бірден төбелеседі.Сабаққа дайындалмайды,қарсы сөз айтса мектептен,уиден қашып кетеді,Көңіл күйі құбылмалы, агрессияға бейімтәуелсізденуге,топталуға бейім, арақ-шарап,есірткі қолданып,ұрлыққа бейім,тәртіп бұзғаны үшін милицияда есепте тұрады.
- ◎ Жасөспірім кезінде үлкендерге қыр көрсету мақсатымен : қан тамырын кеседі,таблеткалар ішеді,ине,шеге,шыны жұтып,суйцидтік әрекет жасайды.Жыныстық қатынасқа ерте түседі.

Эпилептоидты психопатия

- ◎ Балалық шақтан қабағы ашылмайды, бәрін жаратпайды, қозғыштыққа бейім. Талабы орындалмаса, ұнамайтын тамақ берсе, бәрін лақтырып, үстелді төңкереді, өздерінің бетін, үстін тырмалайды. Кез келген қолайсыз жағдайда: ауырса, қарны ашса, тоңса, ыстықтаса аутоагрессияға бейім болады.
- ◎ Есейген балалар мейірімсіз, қастықшыл, кекшіл болады. Әлеуметтік қарсы әрекет жасайды: есірткі, арақ, темекі тартады. Денелеріне неше түрлі суреттер салады.

- ◎ Истериялық психопаттар-өте эмоциональді, әсершіл, сенгіш,
- ◎ (1-ші сигнальді жүйесі жақсы дамыған) «художественный тип»
- ◎ Ядролық истериялық психопатияда әйелдерде жыныстық жетілу тежеледі, менархе кеш, мензиз бұзылады, жүктілік болмайды, аноргазмия және вагинизм болады.
- ◎ Басты қорғаныс механизмі –ығыстыру, регрессия, идентификация , диссоциация.

Психастениялық психопатия.

- Ең басты белгісі: қорқақ, көңілшек, барлық жаңалықтардан қорқады, мазасыз, олар үнемі «жамандық бола ма, жоқ па» деп жүреді. ырымшыл болады.
- Балалық кезде күмәнданғыш, сенбеушілік, ұялшақ, жасқаншақ, қорқақ, көңілшек, өкпешіл, тұйықтық ақкөңілділік, өзін талдау тән.
- Психотениктер көп оқиды, жақсы оқиды, бірақ сабақ айтуды ұнатпайды, социофобия болады. (2-ші сигнальді жүйе- «рациональді тип») «умственная жвачка»
- .Интеллектісі жоғары, жұмыскер, еңбекқор, пунктуальді ұқыпты, жауапкершілік тән, жаңа, таныс емес істерге өте қиын қосылады. Адамдармен тіл табысу қиынға соғады. Бірақ педантизмі, жауапкершілігі, прициптілігі маңайындағылардың ызасын туғызады.

- ◎ Астеникалық тип:
- ◎ Уркектік, қорқақтық, қараңғы мен жалғыздықтан қорқу, жүрексіздік, ұялшақтық, компаниядан қашу, өзінен кішілермен айнау, тыныштықты ұнату, сурет салу, айтқанды тыңдау, жекеленіп жүру, төбелестен қашу, көптен жекеленуге тырысады.
- ◎ Олар жақсы оқиды, бірақ жауап беруден қашу өзіне назар аудармауды қалайды, белгісіз болып қалуды, ешкіммен ұрыс-керіске түспеуді қалайды.

- ◎ В МКБ-10 бірнеше типті бөледі: үрейлі тип : *ананкасты (обсессивті - компульсивті) жабысқақтыққа бейім, пунктуальділік, аса ұқыптылық, педанттілік, өзінің рахаттануынан бас тартып ізденістер жасауға бейім адамдар.*
- ◎ *Үрейлі(уклоняющееся) тұлғалық бұзылыстар сәтсіздіктен қашу, болашақтан қорқу, сырт бет әлпетіне риза болмау, өзінің қабілетін төмендетіп тұрады, қатынасқа түспейді.*
- ◎ Тәуелді тұлғалық бұзылыстар-өзі шешім қабылдай алмайды, қорқыныш болады, әрқашан қолдауды күтеді.

Аффективті психопатия

- ◎ Эмоциональді тұлалық бұзылыстар көңіл куйдің тез ауысуымен, лабильділікпен, эмоциональді тонның тұрақты болуымен байқалады: жоғарлауы (гипертермия немесе төмендеуі (дистимия).
- ◎ Дистимиялық психопатияда адамдардың өмірге деген көзқарасы пессимистік түрде, әрқашан маңында болып жатқан жағдайларға қуаныш, ренішке скептикалық түрде қарайды.

- ◎ Гипертимиктер, керісінше әрқашан іскеп, активті, көңіл күйлері жақсы, көп сөйлейді. Өмірге оптимистік көз қараста қараиды, тез басқа қоғамдық жұмысқа араласып кетеді, әрқашан инициатор ролінде, басқаруға бейім, ештеденен қорықпады, Жұмыста оларды
- ◎ « коллективтің жаны» деп атайды. Бірақ олар басқа адамдардың ызасын туғызуы мүмкін, жауапсыздық, тұрақсыздық, ұмытшақтық және мазасыздық қасиеттеріне байланысты. егер қоршаған адамдар олардың істеріне қарсылық білдіртсе депресиялық жағдайлар болуы мүмкін.

Эмоциональді топас тұлға

- Осындай тұлғалардың басты белгісі болып жоғарғы өнегелік сезімдердің жетілмеуі болып табылады.
- Мұндай адамдар кішкентай кезінен бастап эгоистік, импульсивтік, ұрысқақ, қырсықтық, қатыгездік байқалады: олар кішкентайларды қорлайды, жануарларды қинайды, ерте әке-шешесіне деген немқұрайлық танытып, маңайындағыларға жау ретінде қарайды..

Әуестік бұзылыстар

- ◎ *Импульсивті іс әрекет-терең психикалық бұзылыстың белгісі болып табылады. Ол еш себепсіз басталады, сананы қадағалау жоқ, аяқ астынан, күрт басталып, қысқа уақытта (минут, секунд) созылады. Осы кезде адам агрессивті әрекет жасайды, бір жаққа қашады, өзіне зақым келтіруі мүмкін.*
- ◎ *Импульсивті әуестіктер адекватсыз, бір әрекет, іс қимыл жасауға талпыну, тұлға ұстанымына және қызығушылығына жат істер жасау.*

Дипсомания – арақ ішуге әуестік

Дромомания – қаңғыбастыққа әуестік.

Клептомания – ұрлыққа деген импульсивтік әуес

Пиромания- өртеуге деген әуестік.

. Суицидомания – суицид жасауға әуестік.

- ◎ **Жынысының идентификациясының бұзылысына : пациенттің жынысына тән емес тәртіпті айтуға болады(трансвестизм);**
- ◎ **Жыныстық талғамның бұзылысы:жыныстық ләззат алу тәсілін өзгерту (эксгибиционизм, садизм,мазохизм) немесе объектіні өзгерту (бисексуализм,гомосексуализм,педофилия, геронтофилия,некрофилия) ;**
- ◎

Психопатяның этиологиясы

патогенезі

- Екі негізгі бағыт бар:
- 1. Конституциональді-генетикалық
- 2. Әлеуметтік-психологиялық.
- Бірінші коцепцияға сәйкес-әртүрлі зерттеулер мен бақылауларға сүйене отырып ,адамнаң дене бітімі мен мінезінің арасында байланыс бар екенін байқауға болады.
- Екіншісіне: құрсақ ішіндегі инфекция, интоксикация, бас жарақаты, туғандағы бас ми жарақаты.
- Тұлғалық өзгерістер :толық емес жанұяда немесе « золушка», «жанұя кумиры» сияқты тәрбиелеуде жиі болады.

Психопатия Диагностикасы

- Диагнозды тұлғааралық қарым-қатынас жасағанда білінеді, маңайдағы адамдар жақсы байқайды. Әсіресе: истериялық және қозғыш психопатияда жақсы көрініс береді.
- Ең қиын диагноз қою - паранойяльді психопатияда. Мұндай адамдардың шындығы мен сандырағын айыру қиынға соғады. Бірақ сандыраққа қарағанда патологиялық жағдайлар нақты оқиғамен тығыз байланысты және ұзақ уақытқа созылады.

- ◎ **Шизоидты және психоастениялық психопатияны және оны шизотиптік бұзылыстан диагностикалау қиынға түседі. Шизотиптік бұзылыста пациенттер тұйық. Психастениктер, қарым-қатынасқа түскісі келседе , өздерінің сенімсіздігі мен жасқаншақтығына байланысты контактіге түсу қиындайды.**

- ◎ **Психопатия мен психопат тәрізді жағдайда ажырата білу керек, яғни ауыр психикалық аурулар кезіндегі тұлғалық өзгерістерді білу қажет. Көптеген психикалық аурулар өзіне тән клиникалық суреті мен динамикасы болады. Ал психопатиялар салыстырмалы тұрақты, мінезді өмір бақи бір сарында байқауға болады, кішкентай кезінен бастап.**

профилактика және емі

- ◎ Емдеу мақсаты: тұлғалық ұстанамды өзгерту, өзіндік МЕН бағасын өзгерту, маңайындағыларға деген көзқарасты дұрыс қалыптастыру. психотрапты препаратты беру симптоматикаға байланысты: көңіл-куй төмендесе антидепрессант, үрейде транквилизатор

- ◎ Қозу кезінде,агресивті,асоциальді іс әрекет кезінде нейролептикалық препарат-неулептил,сонапакс, трифтазин,этапиразин,эглонил береді.
- ◎ Дисфорияда (карбамазепин)береміз.
- ◎ Ұйқы бұзылысында седативті нейролептиктер ,антидепрессанты (тизерцин, хлорпротиксен, сонопакс, амитриптилин) .

- ◎ Ең басты ролды психотерапия болып табылады:
- ◎ индивидуальді және топтық
- ◎ Психоанализ әдісімен емдеу. Мақсаты – санадан тыс комплекстерді анықтау.
- ◎ Ең кең қолданылатын тәсіл- психодрама . Арнаулы сцена ойнатып, науқас көрермен немесе қатысушысы ролінде болып жастық шағынан, өмірінен эпизод көрсетеді және ауырсыну комплекстеріне мән беруге көмектеседі..

- ◎ **Эффективті профилактика психопатияның- маңызды социальді-медициналық проблема, мақсаты болып тұлғаның гармониялық жетілуіне материалды және рухты жағдай жасау болып табылады .**